**Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы.**

**Қаңтар айының І- аптасы**

**Топ**: «Күншуақ» кіші тобы..

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 06.01-10.01.2025ж

**Апта дәйек сөзі: Құндылық-заң және тәртіп. «Талап бар жерде тәртіп бар»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.** | | | |
| | Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу.**Өнегелі 15минут** | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Картатека №4**<br>**«Түрлі түсті жолақшалар»**<br>**Мақсаты:**Балаларды ұзын-қысқа,түрлі-түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету. | **Картотека №5**<br>**Түрлі түсті маталар.**<br>**Мақсаты:** Мата қиындылары арқылы түстерді топтайды. | **Картотека №6**<br>**«Үлкен-кіші»**<br>**Мақсаты:** Балаларды үлкен кіші ұғымымен таныстыру. | **Картотека №7**<br>**«Балықты ұста»**<br>**Мақсаты:** балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету. |
| | **Таным саласы сенсорикалық ойындар картатекасы.** | | | |
| Таңертенгі жаттығу | **Қаңтар айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.**<br>**Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="4">Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="4">Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру Бала үні.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыры лған іс-әрекетке дайындық</td><td>Табиғат егіз адаммен<br>Ұқсастық табам содан мен<br>Мәңгілік болсын егіздер<br>Жер- ана, көл теңіздер.</td><td>Достар бірге жүреміз<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз<br>Бірге балық аулаймыз.<br>Міне, біздер қандаймыз!</td><td>Армысың, асыл Күн!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос!<br>Міне менің қолым!</td><td>«Кел, балалар күлейік»<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!</td></tr>
<tr><td>Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Денешынықтыру<br>Тиін балаларды қарсы алады.<br>Алақанды соқ-соқ,<br>Аяқпенен топ-топ.<br>Шынтақтардабүгілді,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Тиін, тиін, ұйықтама,<br>Бізбен бірге сен ойна.<br>Тізбекте бір-бірден қолдарына<br>бүршік ұстап<br>жүрНұсқауды орындау білігіне, қолды шынтақтан жазуға назар аудару Жаңғақтарды қолға<br>ұстап бір қатармен сапта<br>жүру.<br>Нұсқауларды орындай білуге, шынтағын</td><td>Денешынықтыру<br>Тиін балаларды қарсы алады.<br>Алақанды соқ-соқ,<br>Аяқпенен топ-топ.<br>Шынтақтарда бүгілді,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Тиін, тиін, ұйықтама,<br>Бізбен бірге сен ойна.<br>Тізбекте бір-бірден қолдарына бүршік ұстап жүру.<br>Нұсқауды орындау білігіне, қолды шынтақтан жазуға назар аудару.<br>Жаңғақтарды қолға ұстап бір қатармен сапта жүру.<br>Нұсқауларды орындай білуге, шынтағын бүкпей, қолын созып жүруге назар</td><td>Музыка<br>Педагок жетекшілігімен<br>Қызығушылықты ояту.<br>Бүгін біздің топтан мен қорап тауып алдым. Оның ішінде не бар деп ойлайсыңдар?<br>Мүмкін бос шығар? Ашпай-ақ айта аламыз ба, оны қалай анықтауға болады? Ол ауыр ма, жеңіл ме? Жайлап ашу. Қараңыз, иә, мұнда бірдеңе жазылған. Бірақ мына жерге қараңыз, тек қағаз емес... Басқа нәрсе де бар. Бұл не? Көрсету. (мата) Ал матадан не</td><td>Қызығушылықты ояту.<br>– Балалар білесіңдер ма, кеше бәрің үйге қайтып кеткенде, біздң топтағы кірпі қатты ренжіді. Ол маған баладрдан күн сайын жылдың осындай қызықты және тамаша мезгілі - қыс туралы еститінін, бірақ ол қысты ешқашан көрмегенін, кірпі сіздің қыстың әдемі ағаштары туралы айтқаныңызды бірнеше рет естігенін және кірпі мен де оларға қарағым келеді диді.<br>Ой қозғау.<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, кірпіге</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бүкпей, қолын созып жүруге назар аударады.<br>**Шеңбер бойымен тұрып жаңғақтармен ЖДЖ орындау.**<br>Шынтақтарын бүкпей қолдарын созуына көңіл аударады.<br>Жаңғақтарды жинап тиінге беруді ұсынады (ойыншық тиінді қолына киіп, тиінге назар аудартады).<br>**Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау: «Саябақта»:**<br>Балаларды атын атап шақырады.<br>**1.Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру.**<br>Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстінеқояды.<br>**Еденде жатқан тақтайшада төрттағандапеңбектеу.**<br>Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» –** допты бір-бірінің қолына ұстату. | аударады.<br>**Шеңбер бойымен тұрып жаңғақтармен ЖДЖ орындау.**<br>Шынтақтарын бүкпей қолдарын созуына көңіл аударады.<br>Жаңғақтарды жинап тиінге беруді ұсынады (ойыншық тиінді қолына киіп, тиінге назар аудартады).<br>**Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау: «Саябақта»:**<br>Балаларды атын атап шақырады.<br>**1.Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру.**<br>Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстінеқояды.<br>**Еденде жатқан тақтайшада төрттағандапеңбектеу.**<br>Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» –** допты бір-бірінің қолына ұстату.<br>**Негізгі қимылдары:** | тігіледі? (киім) Киімнің қағаздан емес, матадан неге тігетінін білеміз бе? Сендер Ғалым болғыларың келе ме?<br>**Сонда біз ғалымдарға айналуымыз керек: Қане сиқырлы таяқшамен ҒАЛЫМҒА айналайық.**<br>**Тәжірибе алаңы.**<br>Біздің зертханада не көріп тұрсыңдар? (үстел, қағаз, шүберек, су, т.б.)<br>Үстел үстінде мата мен қағаз жатыр, анықтап көрейік<br>**Тәжірибе №1.**<br>Балалар, айтыңдаршы, қағазды матадан қалай ажыратамыз?<br>Енді алдымен қағазды алыңдар. Ол қандай? (қатты, судырлақ, тегіс). Оны мына қызыл қорапқа салыңдар<br>Енді матаны алайық.. Ол қандай? жұмсақ, жылы.Оны жасыл қорапқа салыңдар.<br>**Тәжірибе №2**<br>**Диди ойын: Қағаз бен мата сөйлей алады ма?**<br>Тәрбиеші: Балалар, қағаз | көмектесеміз бе? Кірпі мұңаймауы үшін және оның арманы орындалу үшін не істей аламыз? Қысқы ағаштардың суретін салып, кірпіге бере аламыз.<br>- Жұмысты бастамас бұрын ағаштың қандай бөліктерден тұратынын айтайық, ағашты қандай түспен саламыз, қандай сурет салу әдістерін білетінімізді еске түсіріп,<br>**Практикалық бөлім**<br>Дәстүрден тыс мақта таяқшасы арқылы сурет салу. Енді кірпінің көңіл-күйі көтеріледі, ол біздің сыйлықтарымызға өте риза болады.<br>**Ой дамыту.**<br>- Иә, балалар, қыс мезгілі жылдың өте әдемі мезгілі. Қыс туралы тақпақтар білеміз бе?<br>**Уақыт мол бөлеміз,**<br>**Қыс қызығын көреміз.**<br>**Сары аязға шыңдалып,**<br>**Шымыр болар денеміз.**<br>Балаларды мадақтау<br>**Дид ойын: «Жол іздегіштер»** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Негізгі қимылдары:** тікелей созылып жатқан жіптің үстімен жүру.<br>Ені 25 см, ұзындығы 2 метр еденге орнатылған тақтайшада алақан мен табанын тіреп,төрттағандап еңбектеу. **Саусақ гимнастикасы: «Жасырынбақ»**<br>«Саусақтарым ойнады жасырынбақ,<br>Бастарын да жасырды,<br>Міне, былай, міне, былай,<br>Бастарын ол жасырды».**Суреттер бұрышы, суреттер қарау.**<br>**Тосын сәт.**<br>Аудио дыбыс. Телефон шырылдау. Құрметті балалар мен Орманшы атаймын. Күз келіп, күн суыта бастады. Сендерге қыс мезгілі болғанда орманға келу қиын болады.Мен сендерді орманыма серуендеп келуге қонаққа шақырамын.<br>**Шапалақ әдісі, қуану.**<br>**Балалар бүгін бізде ерекше қызықты күн** | тікелей созылып жатқан жіптің үстімен жүру.<br>Ені 25 см, ұзындығы 2 метр еденге орнатылған тақтайшада алақан мен табанын тіреп,төрттағандап еңбектеу. **Саусақ гимнастикасы: «Жасырынбақ»**<br>«Саусақтарым ойнады жасырынбақ,<br>Бастарын да жасырды,<br>Міне, былай, міне, былай,<br>Бастарын ол жасырды»**Қызығушылықты ояту.**<br>Қарандаршы, бізге біреу шырша әкеп қойып кеткен. Шырша толық ойыншық. Шыршада қандай ойыншықтар бар? Шарлардың түсі қандай? (Балалардың жауаптары.)<br>**Тосын сәт.**<br>Орманшы атайдан хабарлама келеді.<br>**Аудио дыбыс.**<br>Ормандағы аңдар да шыршаны жаңа жылға безендіргісі келді. Жануарлар үлкен әдемі шыршаны іздеуге кетіпті. Орманда қандай ағаштар | бен мата сөйлей алатынын білгілерің келе ме?<br>Балалар: Иә!<br>Тәрбиеші: Бірақ ол үшін бізге үнсіздік керек.<br>Тәрбиеші: Біз тыныш отырамыз, алдымен қағаздан жасалған орамалды аламыз, оны мыжып бастаймыз. Сіз не естисіз? Тәрбиеші: Дұрыс, сыбдырлайды. Енді матадан жасалған орамалды алыңыз, біз оны мыжып бастаймыз. Тыңдаңыз, мата сөйлей ме? Сіз бірдеңе естисіз бе?<br>Балалар: Ештеңе!<br>Қортынды: матадан жасалған орамал сөйлемейді, дыбыс шығармайды, бірақ қағаз орамал сыбырлайды. Қайсы киім жақсы? Қағаздан ба, матадан ба?<br>**Сергіту сәті.**<br>**Музыкамен. «Көңілді күн»**<br>**Тәжірибе№3.**<br>**Қағаз мен матаны тегістеу.**<br>Тәрбиеші: Балалар, | - Балалар, аң жүгіріп өткенде қарда не қалады? **(Іздер.)**<br>- Орманда көптеген жануарлар мекендейді, олар қанша із қалдырды, нағыз жануарлардың іздерін осы жерден іздейік. Мына суретті құрастырсақ көптеген іздерді және жануарларды көреміз<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**Қортынды.**<br>Тағы да қыс түсті де,<br>Тон жамылды қырқалар.<br>Қайың, терек үстіне<br>Қона қалды ұлпа қар. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **болады . Неге екенін білесіңдер ма? Өйткені біз орманға шақыру қағазын алдық.**<br>**Ой дамыту.**<br>Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?<br>«Орман дегеніміз неше түрлі ағаштар өсетін жер Бұл жерде әртүрлі жабайы аңдар мекендейді, саңырауқұлақтар мен жидектер өседі. Орманда күн сәулесі аз, өйткені онда көптеген ағаштар өседі .<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Балалар менің телефоныма Орманшы атай орманға кіретін сиқырлы сөздер жіберіпті Балалар сендер біздің орманға тек сиқырлы түрде кіре аласыңдар, мен оны сендерге жібердім. **Сиқырлы сөздерді айтайық :**<br>Бір, екі, үш иілу<br>Бір, екі, үш айналу<br>Бір, екі, үш секіру<br>Ал сен ормандасың.<br>**Ғажайып сәт**<br>Ой балалар мынау | өсетінің қарандар<br>Өз шыршаларыңды салыстырыңдар.<br>**Дид ойын: «Қандай шырша?»**<br>Бұл шырша (кішкентай), мынау қандай?<br>(Балалардың жауаптары.)<br>Ең үлкен шыршаны, ең кішісін тап.<br>Біздің жануарларға бірде-бір шырша ұнамады. Олар сендерден үлкен шырша жасауды сұрайды.<br>Үшбұрыштардан шырша жасайық. Алдымен ең үлкен үшбұрышты аламыз. Үстіне кішірек үшбұрышты, ал ең кішкентай үшбұрышты ең жоғарғы жағына қоямыз.<br>Не болды? Біз қай үшбұрышты бірінші алдық? Қай үшбұрыш төменгі жағында, қайсысы жоғарыда орналасқан?<br>**Дид ойын: «Бөлігін тап»**<br>3-5 бөліктен тұратын суретті бір –біріне жапсыру.<br>Шыршаның бір ойыншығы сынған, оны жинауға көмектесіңдер. | қарандаршы, орамалымыз умаж болып кеткен, енді оларды түзеп көрейік.<br>Алдымен қағаз орамалды қолыңызбен тегістеңіз. Сіз оны тегістей алдыңыз ба?<br>Иә, дұрыс айтасың!<br>Қағаз орамалдың мыжылғаны онша, түзелмейді. Қолымызбен матадан жасалған орамалды тегістеп көрейік. Не болды?<br>Балалар: Бұл тегістеледі!<br>**Қортынды:** Дұрыс, матадан жасалған орамал тегістелгенде түзеледі. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | орманшы атайдың кофе ішетін үселі. Көрдіңдер ме ыдыстарымен кофе тұр. Үстелін дастарханмен жауып қойған. Мына жерге  үш конверт тастап кетіпті. Бұл конвертте тапсырмалар бар екен. Ашып оқу. Тапсырмаларды орындасаңдар орманда қыдыруға жол ашылады диді.<br>**1-Тапсырма:**<br>**Дид ойын:**<br>**«Ағаштар дұрыс киінсін»**<br>Шарты: Ағаштар неден бастап өседі ретімен құрастыру.<br>(тамыр, дің, бұтақ, жапырақ)<br>**Ой дамыту.**<br>Енді біздің орманда үлкен зертхана бар. Сендер ғалым болғыларың келе ме?<br>**Тәжірибе бұрышы.**<br>**№1 тәжірибе**<br>Мен ағаш пен темір заттарға шеге  қағып не болатынын көреміз.<br>Мен Кубикке шеге | Балалар қиылған суреттерді бір-бірінекелтіріп жапсырады.<br>Біз енді мына  шыршаны орманымызға апарамыз, сонда жануарлар шыршаны безендіре алады. Біз оларға әдемі ойыншықтар жасап берейік.<br>**Дид ойын: «Шырша ойыншықтары»**<br>**Шарты:** ермексаздан шырша ойыншықтарын жасау<br>Міне, біз жануарларға әкелген әдемі шырша әшекейлері. Қоянға қызыл доп, түлкіге жасыл, ал аюға сары доп берейік. Жануарлар шыршаларын безендірсін.<br>**Сергіту сәті:  «Шырша әні».**<br>**Дид ойын:«Аяз ата сыйлықтар әкеледі»**<br>Аяз атаның қолында сыйлық салынған сөмке бар: ойыншықтар, жаңа жылдық шарлар. Аяз атаның сөмкесіндегі шарлардың суретін салайық. Балалар бос | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қағамын. Шеге ағаш кубикке оңай кірді ме? (иә)<br> Ал енді мен темір кубикке шеге қағамын. Не болды.  (Жоқ).<br>**Қортынды: Сондықтан ағаш металлға қарағанда жұмсақ, оған шеге тез кірді.**<br>Металл ауыр, қатты.<br>**№2 «Бату - батпау» тәжірибесі**<br>Ағаш суға батады ма, жоқ па?<br>тәжірибе жасап көрейік<br>Бір қолымызға ағаш, екінші қолымызға тас алайық.<br> Олардың салмағы қандай? Ағашты суға салайық.<br>- Не көріп тұрмыз? Батып кетті ме?<br>Ал енді тасты суға салайық.<br>Ағаш туралы не айта аламыз?<br>Балалар: ағаш жеңіл, суда жүзеді.<br> Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адам осы қасиетті пайдаланады. | орындарға түрлі-түсті шеңберлер салады.<br>**Қортынды балалар жұмысын мадақтау**<br><br>**ҰО: «Арқан тарту» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - адамдар ағаштан қайық, кеме жасайды.<br>**Дид ойын: «Ағаш достары»**<br>**Шарты:** Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру.<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.<br>**2-топ:** Салынған А3 форматта ағаш макетіне Күн суретін жапсыру.<br>**3-топ:** Ағашқа ағып жатқан суды бояу.<br>**4-топ:** Ағашқа ермексаздан сары жапырақтар мүсіндеп жапсыру.<br>**Тыныс алу жаттығуы:** Ауамен демаламыз<br>**Қортынды:**<br>**Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді:**<br>«Орман әлемін сақтаңдар<br>Бұтақтарды сындырмаңдар,<br>Бізге су құюды ұмытпаңдар,<br>Бізді баспаңдар» деп | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | айтар еді.<br>**Сиқырлы сөздерді айтайық :**<br>Бір, екі, үш иілу<br>Бір, екі, үш айналу<br>Бір, екі, үш секіру<br>Ал сен бақшадасың<br>**ҰО: «Күресу» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) | | | |
| Серуенге дайындық | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру<br>**Еңбегі адал жас өрен-мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсету.** | | | |
| Серуен: | **Картотека № 6**<br>Айналадағы адамныңқысқы еңбегі.. | **Картотека № 7**<br>Аязды күнді бақылау | **Картотека № 19**<br>Мұздақты бақылау. | **Картотека № 9**<br>Қырауды бақылау. |
| | **Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.<br>**Еңбегі адал жас өрен-мақсаты өзіне-өзі қызмет жасау.** | | | |
| Түскі ас | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз**<br>**Еңбегі адал жас өрен-мақсаты өзіне-өзі қызмет жасау.** | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.<br>**Үнемді тұтыну мақсаты «Суды үнемді пайдалану,шашпай жуыну.** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары | **№2**<br>- Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен.<br>- Керуетте жатып велосипед тебу.<br>- Қолды алға созып, қайшылап қозғалту. | **№16. Ояну**<br>Ұйқымызды ашайық<br>Қолымызды созайық<br>Енді қане бәріміз,<br>Жаттығуды жасайық. | **№19 Ояну**<br>Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Жаттығулар жасайық.<br>Ұйқымызды ашайық. | **№20. Ояну**<br>Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық. |
| | **Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген** | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекет і,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мнемо кестемен жұмыс.**<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?<br>-Несімен ұнайды?<br>Қандай ойын түрлерін білесіңдер?<br>**Сергіту сәті. «Боран»**<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан,<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан<br><br>Қауіпсіздік ережесі<br>«Керемет жаяу жүргінші кім?»<br>Міндеттері: балалардың жол ережелері туралы | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Таңертең көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>(Күн)<br>**ІІІ. Ой дамыту**<br>**-Күн туралы түсінік беру.** -Сұрақ – жауап .<br>- Табиғат нешеге бөлінеді?<br>-Тірі табиғат өсіп – өнуүшін не керек?<br>- Жарық, жылу , су,ауа.<br>–Олар жылуды қайдан алады. –Күннің шуағы деген не?<br>**4. Ой қозғау.**<br>Ұжымдық жұмыс.<br>Үлкен форматта салынған дөңгелекке күннің шуағын жапсыру. | **Қимылды ойын: «Шана тебеміз».**<br>- Сендерге қыста ойнаған ұнай ма?<br>- Қандай ойындарды ұнатасыңдар?<br>«Қысқы ойындар» суреті<br>Сұрақ -жауап<br>Жол қауіпсіздігі<br>«Керемет жаяу жүргінші кім?»<br>Міндеттері: балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту (жол белгілері, жаяу жүргіншілер өткелі); табандылыққа, зейінділікке тәрбиелеу. | **Қызығушылықты ояту.**<br>Топқа шар ұшып келу.<br>Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту.<br>**Дид ойын: «Көңілді сөз»**<br>**Ой қозғау**<br>Сұрақ – жауап.<br>Мнемо кестемен жұмыс.<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?<br>-Несімен ұнайды?<br>Қандай ойын түрлерін білесіңдер?<br>Өрт қауіпсіздігі<br>«Ойнайтын заттар»<br>Мақсат. Зейінін, ойлауын дамыту; өрт қауіпсіздігі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту (жол белгілері, жаяу жүргіншілер өткелі); табандылыққа, зейінділікке тәрбиелеу. | | | туралы білімдерін бекіту. |
| Жеке баламен жұмыс | **«Не жоқ?»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>**Даринаға**<br>Логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. | **АҚТ технологиясымен жұмыс**<br>Математикалық дамытушы ойындар<br>Сұрақ-жауапқа<br>**Кәусар** қызымыз жақсы жауап берді | **«Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету.<br>**Бекасыл** баламыз жыл мезгілдерінің атауларын жақсы қайталап айтып берді | **«Жол картасын бейнеле»**<br>**Ойынның мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.<br>Жоғарыда-төменде тұрған заттарды<br>**Аяла** көрсетіп берді |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | |
| Серуен | **Картотека № 10**<br>**Шыршаны бақылау.** | **Картотека № 7**<br>**Аязды күнді бақылау.** | **Картотека № 9**<br>**Қырауды бақылау.** | **Картотека № 18**<br>**Аяздың терезеге салған суретін бақылау.** |
| Серуеннен оралу. | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға,өзкиімін өздігінен шешуге, машықтандыру. (дербес қимыл әрекет) | | | |
| Кешкі ас | «Тағамның атауын есте сақтауға,тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен асты таза ішуге,әдепті бала болуды үйренеміз» (мәдени гигена) | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю,шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру. | | | |
| | **Еңбегі адал жас өрен-мақсаты өзіне-өзі қызмет жасау.** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы  жеке әңгімелесу. Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы. | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы.. Балалардың сұранып үйге қайтуы . |

**Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы.**

**Қаңтар айының ІІ- аптасы**

**Топ:** «Күншуақ» кіші топ.

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** : 13.01 – 17.01.2025ж

**Апта дәйек сөзі: Құндылық-заң және тәртіп. «Тәртіп- тәрбие бастауы»**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.** | | | | |
| Балаларды қабылдау | Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br>Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру<br>**Өнегелі 15 минут.** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер | **Картотека № 12 «Ажырат»**<br>**Мақсаты:** Киімдерді ажырата білуді үйренеді. | **Картотека №13 «Не ұшпайды»**<br>**Мақсаты:** Ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу. | **Картотека № 14 "Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»**<br>Мақсаты: Қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі. | **Картотека № 15 Дид ойын: «Танып алда атын ата»**<br>**Мақсаты:** заттың түр-түсін,пішінін, атын атауға жаттықтыру,сөздік қорын молайту,ойлау қабілетін дамыту. | **Картотека №19 «Менің сүйікті ертегім»**<br>**Міндеті:**Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау,жағымды,жағымсыз кейіпкерлерді ажырату.Достыққа, ададамгершілікке,жолдастыққа тәрбиелеу. |
| | **Коммуникатив дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | Қаңтар айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.<br>Үнемді тұтыну. «Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған<br>іс-әрекетке<br>дайындық</td><td>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін!</td><td>Асапан ашық ,көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді,<br>Терезмнен көріп тұр.</td><td>Табиғат егіз адаммен<br>Ұқсастық табам содан мен<br>Мәңгілік болсын егіздер<br>Жер- ана, көл теңіздер.</td><td>Қол ұстасып, дөңгеленіп,<br>Тұра қалдық екеуміз.<br>Өзіміз де дөңгелек<br>Күнге ұқсайды екенбіз.</td><td>«Кел, балалар күлейік»<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | **Денешынықтыру**<br>Ойын жаттығуы: «Пойыз». Бір тізбекке тұрып, пойыз болып жүреді. Ойын жаттығуы:«Мәшине»<br>Көшеде мәшине зулайды,<br>Дөңгелектен шаң бұрқырайды.<br>Нұсқау – «автокөліктер» залды аралап жүре алады.<br>**Алаңқайдағы ойындар:**<br>Ойын:«Әткеншек».<br>Әрең, әрең, әрең<br>Әткеншектерайналды.<br>Содан кейін бәрі<br>Жылдам, жылдам<br>Шыркөбелек айналды.<br>Ақырын, ақырын, асықпашы,<br>Әткеншегім, тоқташы.<br>1-2, 1-2, міне, осымен<br>Ойын бітті.<br>Бір қарқында қимылдауға назар аударады.<br>**Негізгі жаттығуларды орындау:**<br>Имектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына | **Денешынықтыру**<br>Ойын жаттығуы: «Пойыз». Бір тізбекке тұрып, пойыз болып жүреді. Ойын жаттығуы:«Мәшине».<br>Көшеде мәшине зулайды,<br>Дөңгелектен шаң бұрқырайды.<br>Нұсқау – «автокөліктер» залды аралап жүре алады.<br>**Алаңқайдағы ойындар:**<br>Ойын:«Әткеншек».<br>Әрең, әрең, әрең<br>Әткеншектерайналды.<br>Содан кейін бәрі<br>Жылдам, жылдам<br>Шыркөбелек айналды.<br>Ақырын, ақырын, асықпашы,<br>Әткеншегім, тоқташы.<br>1-2, 1-2, міне, осымен<br>Ойын бітті.<br>Бір қарқында қимылдауға назар аударады.<br>**Негізгі жаттығуларды орындау:**<br>Имектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына | **Денешынықтыру**<br>Күнге көңіл аудартады: «Бізге бүгін шұғыласын төгіп, күн қонаққа келді».<br>Таспамен жүру және жүгіру – қолында күннің сәулесі. Балалар белгі бойынша бағыттарын өзгертеді.<br>Таспаны қолға ұстап жүру және жүгіру.<br>Берілген белгі бойынша балалар бағыттарын өзгертеді.<br>**Таспамен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары:**<br>– Б.қ.: түрегеп тұрады, таспаның бір ұшын қолымен ұстаптұрады.<br>Таспаны алға және артқа сермейді.<br>Бірнеше рет қайталағаннан кейін, (4–6) таспаны екінші қолға ауыстырып жаттығуды қайталайды.<br>– Б.қ.: аяқтарын бірге қосып отырады, таспаның екі ұшынан екі қолымен ұстайды. Алға қарай | **Музыка**<br>**Педагок жетекшілігімен**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Ой қозғау**<br>Терезеге қарау қар жауып жатыр.<br>Тәрбиеші: Қараңдаршы, қандай әдемі! Қар қандай?<br>Балалар: Ақ, суық, жұмсақ.<br>Аспаннан қар көп жауса, оны қар дейді<br>Ал қар түйіршіктері айналса, жел соғады, бұл боран,<br>Балалар, боран қалай айқайлайды<br>Дид ойын: «Боран даусы»<br>**Ой дамыту**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>**Бірінші сурет: қысқы жол, дала.**<br>Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы, қар қайда жатыр?Қар жолдарда үйілген.<br>Бұларды үйінді қарлар диміз.<br>Қане жолды қардан ашып тазалайық. | **Қызығушылықты ояту.**<br>– Балалар білесіңдер ма, кеше бәрің үйге қайтып кеткенде, біздің топтағы кірпі қатты ренжіді. Ол маған баладрдан күн сайын жылдың осындай қызықты және тамаша мезгілі - қыс туралы еститінін, бірақ ол қысты ешқашан көрмегенін, кірпі сіздің қыстың әдемі ағаштары туралы айтқаныңызды бірнеше рет естігенін және кірпі мен де оларға қарағым келеді диді.<br>**Ой қозғау.**<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, кірпіге көмектесеміз бе? Кірпі мұңаймауы үшін және оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өтуге ұсыныс жасайды.<br>**Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру.**Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт».**<br>Көпірді біз саламыз,<br>Мәшине мен адамдар<br>Өзеннен өтсін қиналмай.<br>Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.<br>**Негізгі қимылдары:** иректеліп қойылған жіп үстінде жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап жүгіру.<br>Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру«Желкенді қайық»<br>Желкенді қайық | өтуге ұсыныс жасайды.<br>**Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру.**Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт».**<br>Көпірді біз саламыз,<br>Мәшине мен адамдар<br>Өзеннен өтсін қиналмай.<br>Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.<br>**Негізгі қимылдары:** иректеліп қойылған жіп үстінде жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап жүгіру.<br>Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру.<br>«Желкенді қайық»<br>Желкенді қайық жүзеді, | еңкейеді. Таспаны аяқтарының ұшына қояды, түзеледі, қолды жоғары көтеріп оған қарайды. Тәрбиешінің нұсқауымен алға қарай еңкейеді, таспаны алады. (3-4рет)<br>– Б.қ.: шалқасынан жатады, таспаны алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқты бір мезетте таспаға дейін көтеріп, сосын қайта түсіреді. Аяқты созып та, бүгіп те көтеруге болады. (3-4рет).<br>Бірінің соңынан бірі баяу жүру. Таспаны өз орнына апарып қою.<br>**Негізгі қимыл түрлері:**<br>Көлбеу тақтайшамен жоғарыға, төменге қарай жүру.Тепе-теңдікті сақтауға назар аударады. Қажет кезінде сақтық | **Дид ойын: «Жолды тазалаймыз»**<br>**Шарты:** Қар басқан жолдың суретін құрастыру. Салыстыру.<br>Мына жол қандай?<br>Ал біздің салған жолымыз қандай?<br>**Екінші сурет: Қардағы үй.**<br>Тәрбиеші: Көшелерді, үйлерді, ағаштарды жауып жатқан қарды немен салыстыруға болады. Ол неге ұқсайды? кілемге, көрпеге.<br>Біз аулада, далада немен ойнаймыз?<br>Шана, шаңғы, коньки.<br>Біз әлі кішкентаймыз сондықтан шанамен көп ойнаймыз.<br>**Дид ойын: «Шана»**<br>**Шарты:** Дайын үй ауласының суретіне шана жапсыру.<br>**Сергіту сәті. ойын.**<br>«Шырша, бүршік, қоян»<br>Шарты: «шырша» дегенде қолды екі | арманы орындалу үшін не істей аламыз? Қысқы ағаштардың суретін салып, кірпіге бере аламыз.<br>- Жұмысты бастамас бұрын ағаштың қандай бөліктерден тұратынын айтайық, ағашты қандай түспен саламыз, қандай сурет салу әдістерін білетінімізді еске түсіріп,<br>**Практикалық бөлім**<br>Дәстүрден тыс мақта таяқшасы арқылы сурет салу. Енді кірпінің көңіл-күйі көтеріледі, ол біздің сыйлықтарымызға өте риза болады.<br>**Ой дамыту.**<br>- Иә, балалар, қыс мезгілі жылдың өте әдемі мезгілі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүзеді,<br>Шақырып<br>саяхатқабізді.<br>Тыныс алу жаттығуларына назар аударту.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге ертегілер мен ғажайыптарға толы қысқы орманға серуендеуді ұсынамын! Менімен саяхаттағыларың келе ме?<br>Біз не істеуді ұмыттық?<br>Балалар: Киінуді.<br>**Дид ойын:«Балалар киінеді»**<br>Балалар үстелге келеді, оның үстінде киімдердің суреттері жайылған. Оның ішінде тек қысқы киімнің суреті таңдалып, киімдер магниттік тақтада белгілі бір реттілікпен көрсетіледі.<br>Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы орманға қалай тез жетеміз? | Шақырып<br>саяхатқабізді.<br>Тыныс алу жаттығуларына назар аударту.<br>**Эксперименттік бөлім.**<br>**Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»**<br>**Тәжірибе №1 ҚАР ЕРІУ**<br>**Шарты:**Қардың қандай қасиеті бар екенін анықтау (қардың түсі, иісі, ұстау арқылы).<br>Балаларға қардың кез келген жылу көзінен еритіндігі туралы түсінік беру.<br>Жұмыс барысы: қарды, жылы жерге, үй ішінде және т.б.<br>Топқа әкелінген қарды бассейнге салады.<br>Бірте-бірте ол ериді, алдымен борпылдақ болады, содан кейін суға айналады.<br>**Қорытынды:**<br>**Қар кез келген жүйеден келетін жылы ауадан** | шарасын көрсетеді.<br>Допты жоғарыға және тор немесе керілген таспа арқылы алға қарай лақтыру. Нұсқау – допты бастан асыра жоғарыға лақтыру, қолды жылдам түзету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы құстар».**<br>Залдыңбір жағына бала санына есептеліп шеңберлерді орналастырады, педагог құстарды топтың әр шетіне барып қоректенеді.Бұдан кейін ол: «Абайлаңдар, мысық!» – деп дауыстайды. Құстар өз ұяларына ұшып кетеді.<br>Бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер бойымен жүру.<br>**Негізгі қимылы:** бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру.<br>Көлбеу тақтайшада жоғары және төмен жүру. Допты тор арқылы бастан аса | жаққа созу, «бүршік» дегенде отыра қалу, «қоян» дегенде секіру керек.<br>**Үшінші сурет:**Балалар, ағаштарға қарандаршы, қандай өзгеріс байқап тұрсыңдар?<br>Дұрас айтасыңдар, ағаштар қар жамылған. Ағаштардың бұтақтары майысып тұр. Олардың бұтақтарына қар жабысып қалған. Қане ағаштарына бұтақтарына көмектесейік.<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ: Дид ойын: «Ағаш бұтақтары»**<br>Шарты: Дайын Ағаш суреттеріне ақ түстен мақта таяқшасы арқылы бұтақтар жүргізу.<br>**2-топ: Дид ойын:** | Қыс туралы тақпақтар білеміз бе?<br>**Уақыт мол бөлеміз,**<br>**Қыс қызығын көреміз.**<br>**Сары аязға шыңдалып,**<br>**Шымыр болар денеміз.**<br>Балаларды мадақтау<br>**Дид ойын: «Жол іздегіштер»**<br>- Балалар, аң жүгіріп өткенде қарда не қалады? **(Іздер.)**<br>- Орманда көптеген жануарлар мекендейді, олар қанша із қалдырды, нағыз жануарлардың іздерін осы жерден іздейік. Мына суретті құрастырсақ көптеген іздерді және жануарларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірақ бізде балабақшада көлік жоқ, сонда орманға қалай жетуге болады?<br>Балалар: шана, шаңғы…<br>Мен сендерге шаңғымен қысқы орманға баруды ұсынамын.<br>Балалар мен тәрбиеші шаңғы тебуге еліктейді.<br>**Ой қозғау.**<br>Тәрбиеші: Балалар, енді бастарыңды көтеріңдер, қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар? **Балалар: Бұлт.**<br>Тәрбиеші: Басыңа қандай бұлт ілініп тұр. Ал қыста бұлттан не түсуі мүмкін деп ойлайсыңдар?<br>**Балалар: Қар.**<br>Педагог бұлтты тартады, қар бүршіктері ұшады.<br>Тәрбиеші: Неткен сұлу, ұстаңдар. Оны қолыңа алып, оның не екенін айтшы?<br>Балалар: Ақшақар. | **еритіндігін балаларға түсіндіру.**<br>**Тәжірибе №2 Қардың суын ішуге бола ма?**<br>**Мақсаты:** Ең таза болып көрінетін қардың да ағын судан да лас екенін көрсету.<br>**Жұмыс барысы:** Біз екі жеңіл пластинаны аламыз: біріне қарды саламыз, ал екіншісіне кәдімгісін кран суын құямыз. Қар ерігеннен кейін плиталардағы суды қараймыз. Салыстырайық және олардың қайсысында қар болғанын біліңіз (төменгі жағындағы қоқыспен және қайсысында ағынды су анықтаймыз<br>Қайсысы құйылған күйінде таза қалды<br>**Қорытынды:** Қар лас, еріген су, адам ішуге жарамсыз. Бірақ еріген суды өсімдіктерді суаруға, жануарларға ішуге пайдалануға болады.<br>**Тәжірибе №3**<br>**Қарды бояулармен** | лақтыру. **Релаксация**<br>Ал, кәнеки, тұрайық,<br>Қолды баяу көтеріп.<br>Саусақтарды бүгіп-ашып,<br>Төмен қарай түсірейік.<br>Осылай тұрып демалып,<br>Жолға асықпай шығайық.<br>**Таңғажайып сәт.**<br>Қар Ханшайымының сәлемдемесі.<br>**Сиқырлы сандықша.**<br>Сандықша ашылу үшін жұмбақ жасыру.<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып,<br>Жерді барып құшады.**(Қар)**<br>Сандықшадан шыққан тапсырмаларды орындау.<br>**Ой дамыту**<br>**1 тапсырма**<br>Мнемо кестемен жұмыс<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілі.<br>Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады? | **«Қар жамылған бұталар»**<br>**Шарты:**<br>Ермексаздан бұталарға қар түйіршіктерін салу.<br>**Тақпақ. Дінбаян,Медина**<br>Келіп атай болжамы,<br>Болды ауыл олжалы.<br>Жауды жерге күміс қар,<br>Енді бізді кім ұстар?<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.** | көреміз<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**Қортынды.**<br>Тағы да қыс түсті де,<br>Тон жамылды қырқалар.<br>Қайың, терек үстіне<br>Қона қалды ұлпа қар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олар қандай?<br>Ақ, үлпілдек, жеңіл, өрнекті.<br>Енді қар бүршіктерін лақтырып, ұстап алайық,<br>Балалар, қар бүршіктері не істей алады?<br>Балалар: Ұшады, айналады,<br>Тәрбиеші: Ой, балалар, қараңдаршы, шыршаның астына қанша қар жауды!<br>Балалар шыршаға жақындайды, педагог бір шелек қар шығарады. Балалар қарға алақандарын тигізеді.<br>Тәрбиеші: Қараңдаршы, бұл не?<br>Балалар: Ақ, жеңіл, жұмсақ, суық, үлпілдек.<br>Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар, қар неден тұрады?<br>Балалар: Қар түйіршіктерінен.<br>Тәрбиеші: Ал енді алақандарыңызға қар алыңыздар. | **түстендіруге бола ма?**<br>**Мақсаты:** Балаларға қарды бояуға болатынын көрсету.<br>Жүргізілу барысы:Әр балаға стақанға қар саламын, тәжірибе жасай отырып, балалар қарды түрлі түске бояуға болатынына көз жеткізді.<br>Қортынды: Тәжірибе соңында топтың жанына түрлі-түсті қар төгіледі, ал мұздағаннан кейін түрлі-түсті мұздар алуға болатынын көрсету. .<br><br>**ҰО: «Қыз қуу»**<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) | - Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.<br>Қыс мезгілінде қалай киінеміз?<br>- Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан.<br>**2-тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>Шарты: Қысқы киімдерді құрастыру.<br>**Дыбыстық жаттығу:**<br>Ыс-ыс-ыс-келді қыс.<br>Ғы-ғы-ғы-шаңғы.<br>Ақ-ақ-ақ-аққала.<br>Қа-қа-қа-қар.<br>Ық-ық-ық-суық.<br>**3- тапсырма:** Менің мына тапсырмалар-ымды орындасаңдар қысқы ойындар шығады, сендер сол ойындарды менің қыс мезгілімде ойнайсыңдар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міне екі әдемі қар бүршіктері.қолды жұмамыз.<br>Тәрбиеші: Балалар алақандарыңды ашыңдар (қар жоқ).<br>Қар қайда кетті?<br>Балалар: еріп кетті.<br>Тәрбиеші: Неліктен?<br>Балалар: Алақанымыз жылы.<br>Тәрбиеші: Қолымыз жылы, сондықтан қар бірте-бірте ериді.<br><br>**ҰО: «Бәйге»**<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) | | **Балаларды топқа бөлу.**<br>Қар суретінің артындағы суреттерді құрастыру.<br>**Дид ойын:**<br>**«Кім жылдам?»**<br>**1-топ**<br>Шаңғының суретін бояу.<br>Сипаттама беру<br>**2-топ**<br>Шананың бөліктерін жапсыру.<br>Сипаттама беру.<br>**3-топ**<br>Аққаланың қалпағын мүсіндеу.<br>Аққала қандай пішіндерден құралған?<br>**Б.Жақып**<br>**«Сырғанақ»**<br>**-Өлең мазмұнын ашу.**<br>Біз тебеміз сырғанақ<br>Таудан төмен сырғанап<br>Бір шанада екеуміз<br>Құламайды екенбіз...............<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау**<br>**ҰО: «Бәйге»**<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.<br>**Еңбегі адал жас өрен-Мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсету.** | | | | |
| Серуен | **Картотека № 5 Бұршақты бақылау.** | **Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау.** | **Картотека №1 3 Суық торғайды бақылау** | **Картотека № 16 Аязды бақылау.** | **Картотека № 20 Карды бақылау** |
| | **Қысқы серуен картотекасынан** | | | | |
| Серуеннен оралу | Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен<br>жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| | **Еңбегі адал жас өрен-Мақсаты: өзіне-өзі қызмет жасау.** | | | | |
| Түскіас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – | **№ 3** «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».<br>- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.<br>«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,<br>- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.<br>- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. | **№5**<br>"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.<br>3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау | **№6.**арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты | **№7**«Күннің оянуы»<br>- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.<br>- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.<br>- Түнге қарай батады-Балалар тізе бүгіп отырады.<br>басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.<br>«Күлімдейді күн» | **№10**<br>Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)<br>Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау)<br>Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)<br>Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| шаралары. | - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.<br>- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз. | | тік ұстау | керемет, керемет - алақан соғады | Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) |
| | **Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан** | | | | |
| | **Еңбегі адал жас өрен- «өз-өзіне қызмет жасау»Ұйқы ащар жаттығуларының картатекасын үнемді тұтыну мақсаты: Суды үнемді пайдаланып,жуыну ережелерін түсіндіру.** | | | | |
| Бесінас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелү сті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап таркарау және тағы баска әрекеттер) | **«Суретші қай жерде кателесті?»Мақсаты :** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>**Жол қауіпсіздігі «Көлікпен саяхаттау» Мақсаты: балалармен жол белгілері және көшедегі жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту** | **Мнемо кестемен жұмыс.**<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?<br>-Несімен ұнайды?<br>Қандай ойын түрлерін білесіңдер?<br>**Сергіту сәті. «Боран»**<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан,<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан. | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады<br>**(Аяз)**<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбет.<br>**(Мұз)**<br>Аппақ етіп айналаны,<br>Ақ көбелек айналды;<br>Әбден қонып болған соң,<br>Жер әлемде жайланды.<br>**(Қар)**<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты сұрақ – жауап, түсіндіру. | **Дид ойын. «Аңдарды табайық»**<br>**Мақсаты:** Суреттегі жануарларды ажыратуға үйрету.<br>Қауіпсіздік ережесі<br>**«Не артық?»**<br>**Мақсаты:**<br>**Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету.** | **«Бұны қай кезде киеді?»Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларынмолайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>Өрт қауіпсіздігі<br>**«Суретті бүкте»**<br>Мақсат. Өрт кезінде дұрыс әрекеттер туралы білімдерін бекіту. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен Жеке жұмыс | **Картотека № 16 «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Заңғар** суреттегі сәйкестікті таба алды. | **Картотека № 22 «Қыстап қалған құстар?» Мақсаты: Айсауле** Құстарды атап, өз ойын айта алады. | **Картотека № 9 «Жануарларға қамқор боламыз» Мақсаты: Димош** Үй жануарларының суреті бойынша өз ойын білдіре алады. | **Картотека № 13 «Мамандықтың бәрі жақсы» Ойынның мақсаты: Кәусар** Түрлі мамандықтың суретіне қарай танып атай алады. | **Картотека №4 «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: Айзия** Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндап айта алады. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан** | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндібауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен | **Картотека № 5 Бұршақты бақылау.** | **Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау.** | **Картотека №1 3 Суық торғайды бақылау.** | **Картотека № 16 Аязды бақылау.** | **Картотека № 20 Карды бақылау** |
| | **Еңбегі адал жас-өрен-«Баланы еңбекке баулу,өз-өзіне қызмет етуге үйрету»** | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға,өз киімін өздігімен шешуге машықтандыру. | | | | |
| Кешкі ас | Тағамның атауын есте сақтауға,тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен асты таза ішуге,әдепті бала болуды үйренеміз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю,шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру. | | | | |
| | **Өнегелі 15- минут,қауіпсіздік ережесі ата-анамаен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту. | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру. | Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы.**
**Қаңтар айының ІІІ- аптасы**

**Топ**: «Күншуақ» Кіші топ.
**Балалардың жасы:** 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** : 20.01 – 24.01.2025ж
**Апта дәйек сөзі: Құндылық-заң және тәртіп. «Әділ заң-аспаз тірегі»**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br>Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру<br>Өнегелі 15-минут | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | **Картотека № 4 «Бұны қай кезде киеді?»**<br>**Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларынмолайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу. | **Картотека № 17 Сиқырлы суреттер**<br>**Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | **Картотека № 21 «Бұл қай мезгіл?»**<br>**Мақсаты:** қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту. | **Картотека № 22 «Қыстап қалған құстар»**<br>**Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. | **Картотека №16 «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгі жаттығу | Қаңтар айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |
| | **Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.** | | | | |
| Таңғыас | Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.<br>**Үнемді тұтыну. «Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»** | | | | |
| Ұйымдастыр ыл ған іс-әрекетке дайындық | Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін! | Асапан ашық ,көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді,<br>Тереземнен көріп тұр. | Табиғат егіз адаммен<br>Ұқсастық табам содан мен<br>Мәңгілік болсын егіздер<br>Жер- ана, көл теңіздер. | Қол ұстасып, дөңгеленіп,<br>Тұра қалдық екеуміз.<br>Өзіміз де дөңгелек<br>Күнге ұқсайды екенбіз. | «Кел, балалар күлейік»<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | **Денешынықтыру**<br>Күнге көңіл аудартады: «Бізге бүгін шұғыласын төгіп, күн қонаққа келді».<br>Таспамен жүру және жүгіру – қолында күннің сәулесі. Балалар белгі бойынша бағыттарын өзгертеді. Таспаны қолға ұстап жүру және жүгіру. Берілген белгі бойынша балалар бағыттарын өзгертеді.<br>**Таспамен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары:**<br>– Б.қ.: түрегеп тұрады, таспаның бір ұшын қолымен ұстаптұрады.<br>Таспаны алға және артқа сермейді. Бірнеше рет қайталағаннан кейін, (4–6) таспаны екінші қолға ауыстырып жаттығуды қайталайды.<br>– Б.қ.: аяқтарын бірге қосып отырады, | **Денешынықтыру**<br>Маймыл ойыншықпен таныстыру.<br>Кішкентай маймылдарды бейнелеуді ұсынады.<br>Бір-екі-үш, бұрылдық,<br>Маймылға біз айналдық.<br>Күнге қолды біз созып,<br>Жүрдік оңға, солға да,<br>Отырамыз, тұрамыз,<br>Жаттығу ойыны: «Қатып қал!»<br>**Ойын гимнастикасы: «Маймылдар»**<br>Таң атпастан алаңда Маймылдар жүр серуендеп. Оң аяқпентоп-топ!<br>Сол аяқпен топ-топ!<br>Қолдарын созды жоғары, Көтерді кімбиікке?<br>**Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: Жіпті (таспаны) ұстап шеңбер бойымен жүгіру.**<br>«Әткеншек» ойыны – музыка ырғағымен бір қарқында қозғалу.<br>**Орнында тұрып ұзындыққа секіру** (30 см қашықтыққа) Ойын жаттығу | **Денешынықтыру**<br>Маймыл ойыншықпен таныстыру.<br>Кішкентай маймылдарды бейнелеуді ұсынады.<br>Бір-екі-үш, бұрылдық,<br>Маймылға біз айналдық.<br>Күнге қолды біз созып,<br>Жүрдік оңға, солға да,<br>Отырамыз, тұрамыз,<br>Шаршамаймыз сонда<br>Жаттығу ойыны: «Қатып қал!»<br>**Ойын гимнастикасы: «Маймылдар»**<br>Таң атпастан алаңда Маймылдар жүр серуендеп. Оң аяқпен топ-топ!<br>Сол аяқпен топ-топ!<br>Қолдарын созды жоғары, Көтерді кім биікке?<br>**Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: Жіпті (таспаны) ұстап шеңбер бойымен жүгіру.**<br>«Әткеншек» ойыны – музыка ырғағымен бір қарқында қозғалу.<br>**Орнында тұрып** | **Музыка**<br>**Педагок жетекшілігімен Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Үнтаспадан поезд дыбысын тыңдату.**<br>**Ой қозғау.**<br>Бұл ненің дыбысы?<br>**Тосын сәт.**<br>Қуыршақ Айгүл келеді. Балалармен амандасады.<br>Поезд туралы білгісі келетітін айтады.<br>**АКТ технологиясы.**<br>«Поезд» туралы суреттер көрсету,түсінік беру.<br>**Тақпақ «Поезд» Ескен Елубаев**<br>Вагон-вагон темірді,<br>Вагон-вагон көмірді,<br>Вагон-вагон бидайды<br>Тіркеп алып, зулайды!<br>Солқылдатқан даланы<br>Үні жетер алыстан.<br>**Қим ойын: «Поезд»**<br>**Ойын шарты**. Біріні артынан бірі тұрып поезд болып жүреді.<br>**Дид ойын: «Бөлігін** | **Психологиялық сәт.**<br>Балалар, қазір көзімізді жұмып елестетейік, біз әртүрлі **көліктерді айдап келе жатырмыз** , көліктеріміз өзімізге ұнай ма?<br>**Тосын сәт.**<br>Қарандаршы бізге суретші телеграмма жіберді. Ол суреттер салған . Балалар, қарандаршы мына суреттер дұрыс салынған ба?<br>Балалар: Жоқ.<br>Ол нені салғысы келді?<br>Балалар: көліктерді.<br>Ол не ұмытты?<br>**Балалар:**дөңгелектерін.<br>Дұрыс. Балалар сызбаларды аяқтауға көмектесеміз бе?<br>Қандай көліктер салғысы келді?<br>**Миға шабуыл**<br>1. Құс сияқты құс емес,<br>Жүрседе тым биікте. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таспаның екі ұшынан екі қолымен ұстайды. Алға қарай еңкейеді. Таспаны аяқтарының ұшына қояды, түзеледі, қолды жоғары көтеріп оған қарайды. Тәрбиешінің нұсқауымен алға қарай еңкейеді, таспаны алады. (3-4рет)<br>– Б.қ.: шалқасынан жатады, таспаны алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқты бір мезетте таспаға дейін көтеріп, сосын қайта түсіреді. Аяқты созып та, бүгіп те көтеруге болады. (3-4рет).<br>Бірінің соңынан бірі баяу жүру. Таспаны өз орнына апарып қою.<br>**Негізгі қимыл** | ұйымдастырады.<br>Ені 30 см матадан өзенді бейнелейді, маймылдарға одан секіріп өтуді ұсынады. Қалай секіруге болатынын түсіндіріп, секіріп көрсетеді. Екі аяқпен бір мезетте итерілу керек екеніне назар аудартады.<br>**Кедергілерден «жыландай» ирелеңдеп жүріп өту** (бір қатарда бір-бірінен 1,5 м қашықтықта тұрған 4 текше) – кедергілерге соқтығыспау керек.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«Тиіп кетпе!»**Жіптер арқылы алаң шегарасын белгілейді (5метр) – еңбектеуді топ болып орындайды.<br>**Негізгі қимылдары:**орнында тұрып ұзындыққа секіру(30см қашықтыққа).<br>Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүгіру. | **ұзындыққа секіру** (30 см қашықтыққа) Ойын жаттығу ұйымдастырады.<br>Ені 30 см матадан өзенді бейнелейді, маймылдарға одан секіріп өтуді ұсынады. Қалай секіруге болатынын түсіндіріп, секіріп көрсетеді. Екі аяқпен бір мезетте итерілу керек екеніне назар аудартады.<br>**Кедергілерден «жыландай» ирелеңдеп жүріп өту** (бір қатарда бір-бірінен 1,5 м қашықтықта тұрған 4 текше) –кедергілерге соқтығыспау керек.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«Тиіп кетпе!»**Жіптер арқылы алаң шегарасын белгілейді (5метр) – еңбектеуді топ болып орындайды.<br>**Негізгіқимылдары:** Орнындатұрып ұзындыққасекіру (30смқашықтыққа).<br>Жіптен ұстап шеңбер | **тап»**<br>**Шарты:** Қиылған суреттерден поездың бөлігін тауып құрастыру.<br>**Ой қозғау.**<br>Көліктер бізге не үшін керек?<br>Басқа қандай көлік түрлерін білеміз?<br>**Дид ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр»**<br>**Шарты:** Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ – аэрадромда тұрады.<br>Сендер де ұшаққа отырып ұшқыларың келе ме?<br>Ендеше, өзімізге ұнайтын ұшақты жасап көрелік.<br>**Дид ойын: «Суретте не жетіспей тұр?»**<br>Шарты: Ұшақты бөліктерін құрастырып, жапсыру.<br>**Дид ойын:**<br>« Ұшады - ұшпайды»<br>**Міндеті:** зейінді дамыту.<br>Балалар, мен | Қақпайды бір қанатын,<br>Жүрседе тым биікте<br>.<br>**(Ұшақ)**<br>2. Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br>**(Қайық)**<br>3.Жүргізуші жүргізеді,<br>Төрт аяқты батырды<br>.<br>**(Жеңіл көлік)**<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: «Аяқталмаған суреттер»**<br>Дөңгелегі жоқ көлік, қанаты жоқ ұшақ, винтсіз тікұшақ.<br>Балалар жетіспейтін элементтерді толықтырады.<br>Балаларды бақылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Менің сүйікті бұрышым**<br>**Суреттер көрмесі.**<br>**«Көңілді көліктер»**<br>Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:<br>Әуеде жүретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **түрлері:**<br>Көлбеу тақтайшамен жоғарыға, төменге қарай жүру.Тепе-теңдікті сақтауға назар аударады.<br>Қажет кезінде сақтық шарасын көрсетеді.<br>Допты жоғарыға және тор немесе керілген таспа арқылы алға қарай лақтыру.<br>Нұсқау – допты бастан асыра жоғарыға лақтыру, қолды жылдам түзету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы құстар».**<br>Залдыңбір жағына бала санына есептеліп шеңберлерді орналастырады, педагог құстарды топтың әр шетіне барып қоректенеді.Бұдан кейін ол: «Абайлаңдар, мысық!» – деп дауыстайды. Құстар өз ұяларына ұшып кетеді. Бір-бірінің қолынан ұстап, | Кедергілерден «жыландай» ирелеңдеп жүріп өту.<br>Шаршамаймыз сонда да<br>**Арқаға массаж: «Борщ»**<br>Чики-чики-чики – ща!<br>Міне, орамжапырақ борщқа,<br>Туралады картоп,<br>Қызылша мен сәбіз де,<br>Жартысын алып пияздың<br>Сарымсақ та турадым.<br>Чики-чики-чики-чорш-<br>Дайын болды дәмді борщ..<br>**Психологиялық жаттығу.**<br>**«Бір-біріңе күлімдеңдер»**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Кеше мен кішкентай тышқанды кездестірдім ол маған **көлік** дегенді білмейтінін айтты .<br>Кішкентай тышқан енді бізге қонаққа келеді, оған сендермен бірге **көліктің не екенін білуге көмектесейік** .<br>Сендер кішкентай | бойымен жүгіру.<br>Кедергілерден «жыландай» ирелеңдеп жүріп өту. **Арқаға массаж: «Борщ»**<br>Чики-чики-чики – ща!<br>Міне, орамжапырақ борщқа,<br>Туралады картоп,<br>Қызылша мен сәбіз де,<br>Жартысын алып пияздың<br>Сарымсақ та турадым.<br>Чики-чики-чики-чорш-<br>Дайын болды дәмді борщ.да.**Дид ойын: «Көліктер»**<br>**Шарты:** Балалар көліктің суретін жинайды.<br>**Ой дамыту.**<br>-Көліктер қандай бөліктерден тұрады?<br>-Оны кім жүргізеді?<br>-Көлік не үшін керек?<br>Сиқырлы сандықта соңғы суреттер қалды, оны жинап алайық.<br>**Дид ойын: «Бұл не?»**<br>**Шарты:** Балалар кеменің суретін жинайды.<br>Сұрақ – жауап<br>Кеме қандай көлік | суреттерді көрсетемін, егер әуе **көлігі болса** – қанаттарыңды қолмен көрсету керек ,қолды екі жаққа созу.<br>Тікұшақ болса – балалар қолдарын екі жаққа созады.<br>Автобус болса аяқтарыңды топылдату.<br>Жарайсыңдар!<br>Балаларды мадақтау. | көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық<br>Темір жол көліктері – Поезд<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.<br>Біз көбіне жерде жүретін көліктерге мінеміз.<br>Машина, автобус т.б<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойымен<br>жүру.<br>**Негізгі қимылы:**<br>бағытты өзгерте<br>отырып жүру және<br>жүгіру.<br>Көлбеу тақтайшада<br>жоғары және төмен<br>жүру. Допты тор<br>арқылы бастан аса<br>лақтыру. **Релаксация**<br>Ал, кәнеки, тұрайық,<br>Қолды баяу көтеріп.<br>Саусақтарды бүгіп-<br>ашып,<br>Төмен қарай<br>түсірейік.<br>Осылай тұрып<br>демалып,<br>Жолға асықпай<br>шығайық.<br>**Дид ойын: «Ненің<br>даусы?»**(бейне<br>таспадан<br>машиналардың<br>гүрілдеген дауыстары<br>естіледі)<br>-Балалар бұл ненің<br>дауысы?<br>Дұрыс айтасыңдар<br>бұл машинаның<br>дауысы бұл<br>машинамен келген<br>кім екен бәріміз есік | тышқанға көмектесуге<br>дайынсыңдар ма?<br>Балалар : Иә, әрине!<br>**Тосын сәт.**<br>Есік қағылады, тышқан<br>ойыншығын әкеледі.<br>**Тышқан :**<br>Сәлеметсіңдер ме<br>балалар<br>Балалар : Сәлем,<br>кішкентай тышқан.<br>Балалар мен көлік<br>туралы білгім келеді.<br>Көмектесесіңдер ме?<br>Тышқанға көліктер<br>туралы айтып,<br>көліктерді сыйға<br>тартайық.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Машинада қандай<br>геометриялық пішіндер<br>қолданылған?<br>Машина қандай<br>бөлшектерден тұрады?<br>**Кабина, дөңгелектер,<br>орындық, есіктер,<br>руль.**<br>**Дид ойын: «Сыйлық<br>машина»**<br>**Шарты:** Машинаны<br>қызылмен бояп<br>тышқанға беру. | түріне жатады?<br>Кемені қайдан көруге<br>болады?<br>Кеме машина жолмее<br>жүре алама?<br>Кеме суда жүреді, оны<br>капитан басқарады.<br>**Шығармашылық<br>бұрыш**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Дайын кеме<br>суретін бояу.<br>**2-топ:** Теңіз суретіне<br>кеме суретін жапсыру.<br>**3- топ: Дид ойын:<br>«Гараж»**<br>**Шарты:** Текшелерден<br>көліктерге гараж салу.<br>**Дид ойын:<br>«Сиқырлы доп»**<br>Шарты: балалар допты<br>бір-біріне кезекпен<br>беріп, суретті<br>көрсетеді, бала допты<br>қағып алады және бұл<br>көліктің қалай<br>қозғалатынын айту.<br>Түлкі бізден көлік пен<br>кеменің<br>айырмашылығы неде<br>деп сұрайды.<br>Балалар: кемелер<br>жүзеді, ал көлік жол<br>бойымен жүреді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа қарайықшы.<br>**Тосын сәт.**<br>- Балалар, бізге қонаққа қонжық келіп тұр.Ол бізден көмек сұрап келіпті.<br>-Кәне қонжықпен амандасайық.<br>Қонжық: Балалар маған машинаның түрлері және олардың пайдасы туралы айтып беріңдерші?<br>**Ой дамыту.**<br>**Менің сүйікті бұрышым**<br>**Суреттер көрмесі.**<br>**«Көңілді көліктер»**<br><br><br>Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық<br>Темір жол көліктері – Поезд<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар | <br>**2.Автобус.**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Автобус бөліктерін ата.<br>Автобус не үшін керек?<br>Автобустың түсі қандай?<br>**Дид ойын: «Бөлігін тап»**<br>**Шарты:** Автобустың жетіспеген бөлігін тауып жапсыру.<br><br><br>**3.Ұшақ**<br>Аспанда жүзеді,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br><br>**Дид ойын: «Не жетіспейді?»**<br>**Шарты:** Ұшақ қанатын мүсіндеп қосу. | Бұл автобус. Автобус жол бойымен келе жатыр.<br>Бұл ұшақ. Аспанда ұшақ ұшады.<br>Бұл қайық, суда қайық жүзеді.<br><br>**ҰО: «Арқан тарту»**<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеңіл және ауыр көліктер.<br>Біз көбіне жерде жүретін көліктерге мінеміз.<br>Машина, автобус т.б<br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз<br>**Дид ойын: «Қандай көлік?»**<br>Балалар, мен сендерге көліктіңсуреттерін көрсетемін , ал сендер көліктің қалайқозғалатынын көрсетесіңдер .<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: «Аяқталмаған суреттер»**<br>Дөңгелегі жоқ көлік, қанаты жоқ ұшақ, винтсіз тікұшақ.<br>Балалар жетіспейтін элементтерді толықтырады.<br>**Балаларды бақылау.** | <br>Ұшақ қайда жүреді?<br>Ұшақта неше қанат бар?<br>Жарайсыңдар!<br>**Дид ойын: «Ненің даусы?»**<br>**Шарты:** Берілген көліктердің дауысын айыра білу.<br>(Автомобиль, пойыз, тікұшақ, пароход, ұшақ, трактор)<br>Тышқанының үйге кететін уақыты келді.<br>Бүгін тышқанды немен таныстырдық?<br>Балалар : **Көлік** .<br>Тышқан, бәрі есінде ме?<br>Тышқан : Иә, мен көп қызықты нәрселерді білдім<br>Балалар тышқанға сыйлыққа берген көліктеріне гараж құрастырып берейік.<br>**Дид ойын: «Гараж»**<br>**Шарты:** Текшелерден көліктерге гараж салу.<br>Мен барлық достарыма айтамын, рахмет балалар, сау бол! | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мадақтау.** **ҰО: «Күресу» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы | Балалар : Сау бол, кішкентай тышқан! **Балаларды мадақтау.** **ҰО: «Бәйге» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»** (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) | | | |
| Серуенге дайындық | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. **Еңбегі адал жас өрен-Мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсету.** | | | | |
| Серуен | **Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі.** | **Картотека № 7 Аязды күнді бақылау.** | **Картотека № 9 Қырауды бақылау.** | **Картотека № 8 Мұзды бақылау.** | **Картотека № 11 Күнді бақылау.** |
| | **Қысқы серуен картотекасынан** | | | | |
| Серуенненоралу | Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. **Еңбегі адал жас өрен-Мақсаты: өзіне-өзі қызмет жасау.** | | | | |
| Түскіас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары. | **№1 Ояну**<br>Қандай ғажап керемет,<br>Әсем есік ашылды.<br>Түрлі - түсті бояулар,<br>Аспанда жайылып шашылды<br>Ұйқым шайдай ашылды | **№2.Ояну**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | **№3 Ояну**<br>Көзіміздізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылып бір алайық. | **№4. Ояну**<br>Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық. | **№5. Ояну**<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек карандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық. |
| | **Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан** | | | | |
| Бесінас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап таркарау және тағы баска әрекеттер | **«Зат неге ұқсайды?»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. | **Түрлі түсті жолақшалар.**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.<br>Жол қауіпсіздігі<br>«Жол бойымен»<br>Міндеттері: Әр түрлі көлік түрлері туралы білімдерін бекіту; зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. | **«Кілтті тап»**<br>**Мақсаты:** Балаларды түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Қауіпсіздік ережесі<br>«Жеуге болатын саңырауқұлақты қорапқа салыңыз»<br>Мақсаты: Балалардың жеуге болатын және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы білімдерін бекіту. | **«Қажет суретті тап»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Үлкен және кіш ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету. | **«Көжекті жасыр»**<br>**Мақсаты:** Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.<br>Өрт қауіпсіздігі<br>Ғимараттарды құрастыру,<br>Мақсаты: ойын сюжетіне сәйкес түрлі рөлдерді өзіне ала білуді бекіту; атрибуттарды, конструкторды, құрылыс материалдарын, заттарды пайдалану. Шығармашылық қиялды, ойынды бірлесіп орналастыру қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен Жеке жұмыс | **«Қыстап қалған құстар?»** Мақсаты:**Исмаил** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеудіжәне оларды ажыратуды біледі. | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты: Мустафа** әр түрлі мамандықпен танысып ажыратып айта алады. | **«Отбасы»** **Мақсаты: Әмина** Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. | **«Жануарларға қамқор боламыз»** **Мақсаты: Ахмедияр** жануарларға қайырымдылықпен карауға тәрбиелеу. | **«Гүлдерді күтеміз»** **Мақсаты: Ыбырай** табиғатты рухани бағалау мәдениетін қалыптастыру. |
| Серуенге дайынды | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және ж **Еңбегі адал жас-өрен-«Баланы еңбекке баулу,өз-өзіне қызмет етуге үйрету»** инау | | | | |
| Серуен<br><br>Серуеннен оралу. | **Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі.** | **Картотека № 7 Аязды күнді бақылау.** | **Картотека № 9 Қырауды бақылау.** | **Картотека № 8 Мұзды бақылау.** | **Картотека № 11 Күнді бақылау.** |
| | **Таңғы серуенді бекіту.** | | | | |
| Кешкі ас | Тағамның атауын есте сақтауға,тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен асты таза ішуге,әдепті бала болуды үйренеміз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю,шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру. | | | | |
| | **Өнегелі 15- минут,қауіпсіздік ережесі ата-анамаен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту. | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру. | Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу. |